

2024 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсаттың  
**№ 24 ХАТТАМАСЫ**

28.11.2024жс

Нуралин  
Нажмиден Муратович Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі басшысының м.а., комиссия төрағасы;

Акаева  
Рауза Кельмановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері, комиссия хатшысы.

**Комиссия мүшелері:**

Кожаметов  
Болат Ризаханович «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ Көкшетау қ. филиалының төрағасы (келісім бойынша);  
қалалық мәслихат депутаты (келісім бойынша);

Жакупов Жанат  
Еркенович

Кариева  
Алия Кабиболовна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі бас есепшісінің орынбасары;

Куркин  
Юрий Борисович Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі;

Рыбинцева  
Светлана Петровна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі;

Майбах  
Андрей  
Эдвардович Ақмола облысы білім басқармасының бас маманы.

Победенная Людмила  
Николаевна «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының «Алтын бала» балабақшасы» МКҚК медбикесі

Михайленко  
Светлана Геннадьевна «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының «Арай» бөбекжайы» МКҚК медбикесі



**Өткізілген күні:** 26,27 қараша 2024 жыл

**Өткізілген орны:** «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ мәжіліс залы

**Қатысушылар:** комиссия мүшелері

**Күн тәртібі:**

1. «Балапан» ЖК «Da Vinci kids» балабақшасы тиісті мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелерден («электрондық үкіметтің» веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz)) «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы, 2024 жылғы 4 қыркүйектегі өзгерістермен 13,14,15-тармақтарына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тізбесіне енгізу үшін ұсынылған құжаттарды қарау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Ю.Б. Куркин - Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі комиссия мүшелерін Көкшетау қаласы, Баймуқанов көшесі 53 мекенжайы бойынша «Балапан» ЖК 70 орындық «Da Vinci kids» балабақшасына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға түскен өтініштермен таныстырды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

- Нуралин Н.М. - Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ басшысының м.а.
- Куркин Ю.Б.- Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқықтық сұрақтар жөніндегі кеңесшісі

**I.1.** Комиссия «Балапан» ЖК 70 орындық «Da Vinci kids» балабақшасының құжаттарын қарады.

1. Комиссия осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды:

- 1) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймесінің және дауыстық хабарландырудың болуы туралы ақпарат;
- 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған аумақтық алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымымен шарт (сыйымдылығы үш топқа дейін);
- 4) педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы штат кестесінің және құжаттарының көшірмелері;
- 5) ғимаратты/үй-жайларды жалдау шартының көшірмесі (бар болса).



15. Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Комиссия мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер ([www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) «электрондық үкіметтің» веб-порталы) арқылы мынадай құжаттарды алады және олардың бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады:

- 1) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң) сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарламалар;
- 2) медициналық қызметке лицензиялар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамалар, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар;
- 4) «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 29/қе бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 28566 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 29/қе бұйрығы);
- 5) мемлекеттік кірістер органдары конкурсқа құжаттарды ұсынғанға дейін кемінде бір айдан кешіктірмей есепке алуды жүргізетін берешегінің жоқтығы (болуы) туралы мәліметтерді қарап:

«Балапан» ЖК 70 орындық «Da Vinci kids» балабақшасы құжаттары осы Қағидалардың 14-тармағы, 15-тармағының талаптарына сәйкес келеді деп атап өтті. I.2. Ұсынылған құжаттардың «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білімге қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 13-тармақта көрсетілген талаптарға сәйкестігін \ сәйкес еместігін айқындау үшін мектепке дейінгі ұйымдарға шығу барысында комиссияның көзбен шолып тексеру қорытындыларын шығару Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы., 2024 жылғы 4 қыркүйектегі өзгерістермен.

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Рыбинцева С.П.- Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі комиссия мүшелерін «Балапан» ЖК 70 орындық «Da Vinci kids» балабақшасына шығу нәтижелерімен таныстырды.

**13-тармағы** «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білімге қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан



Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы., 2024 жылғы 4 қыркүйектегі өзгерістермен.

- 1) «Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) сәйкес жағдайлар (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар);
- 2) «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 26867 болып тіркелген) сәйкес жағдайлар (бұдан әрі – Өрт қауіпсіздігі қағидалары);
- 3) «Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 Қаулысына (бұдан әрі – № 305 ҚРҮК) сәйкес терроризмге қарсы қорғау;
- 4) «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 26618 болып тіркелген) және «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (бар болса) білім алуына және қолжетімді орта құруға арнайы жағдайлар (бұдан әрі-Сәулет қызметі туралы Заң);
- 5) «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13272 болып тіркелген);
- 6) тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету және санитарлық ережелерге сәйкес алғашқы медициналық көмек көрсету;
- 7) «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар педагог кадрлар (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5750 болып тіркелген) және штат саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлердің үлгі штат кестесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес. Ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін \ сәйкес еместігін айқындау үшін комиссия 2024 жылғы 13 қыркүйекте «В красках» ЖК 20 орындық «В красках» бөбекжайына шығуды жүзеге асырды.



## **СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Куркин Ю.Б. - Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі

Рыбинцева С.П. – Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі;

Келесі ескертулерді жою қажет:

- Эвакуация жолдары мен топтардың үй- жайлары жанғыш материалдармен қапталған;
- Терезелерде саңылаусыз торлар орнатылған;
- Жұмсақ жабдықты таңбалау маркермен жүргізілген;
- 70 балаға тамақ дайындайтын ыдыс жеткіліксіз;
- Бейне ақпаратты қатты дискіде 30 күннен аз уақыт сақтау;
- Топтарда тамақ тарататын үстелдер жоқ;
- Құмсалғыш жапқышпен жабылмаған;
- Ойыншықтар аз;
- Үй-жайларды желдету және өңдеу кестелері бекітілмеген (қолы мен мөрі жоқ);
- Сыртта бір ғана ойын алаңы бар (толық жабдықталмаған);
- Мәзірде кешкі асқа сорпалар, түстен кейінгі шайға жемістер ұсынылады. (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығын бұзу, 170-тармақ: екінші таңғы асқа шырындар мен жемістер көзделеді. Түстен кейінгі тағамдар мәзіріне 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8-бабына сәйкес рұқсат етілген кремi жоқ тоқаш немесе кондитерлік өнімдері бар сусын (сүт, ашытылған сүт өнімдері, кисель, шырындар) кіреді. Кешкі ас көкөніс (сүзбе) тағамынан немесе ботқадан, негізгі екінші тағамнан (ет, балық немесе гарнирі бар құс еті), сусыннан (шай, шырын, компот, кисель) тұрады.)

## **ШЕШІМІ:**

1. Ұсынылған құжаттардың ҚР Министрінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру Қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығының талаптарына сәйкестігін анықтау үшін 2024 жылғы 4 қыркүйектегі өзгерістермен, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған Тізбеге енгізу үшін **09.12.2024** жылы «Балапан» ЖК 70 орындық «Da Vinci kids» балабақшасына қайта шығу күні болып тағайындалсын

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:



*[Signature]*  
Нуралин Н.М.

*[Signature]* Қожахметов Б.Р.

*[Signature]* Жакупов Ж.Е.

*[Signature]* Кариева А.К.

*[Signature]* Куркин Ю.Б.

*[Signature]* Выбинцева С.П.

*[Signature]* Майбах А.Э.

*[Signature]* Победённая Л.Н.

*[Signature]* Михайленко С.Г.

Комиссия хатшысы:

*[Signature]* Акаева Р.К.